

**Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «№41 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.**

**Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары**

**Мектеп атауы:** «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «№41 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**Ашылған жылы:** Орал қаласының әкімі О.Рахимбердиннің 1996 жылы 4 шілдедегі №936 бұйрығымен қазақ тілінде оқытатын №41 мектеп-балабақша-гимназиясы болып ашылды.

**2001 жылғы 29 желтоқсаннан бастап мектеп атауы «№41 орта мектебі»** болып өзгертілді.

**2003 жылы 18 желтоқсанда мектеп атауы «№41 орта жалпы білім беретін мектебі»** мемлекеттік мекемесі болып өзгертілді.

Орал қаласының әкімі Б.Шәкімовтың 2012 жылдың 31 тамыздағы №2144 қаулысымен «№41 жаратылыстану-математика бағытындағы мектеп-лицей» мемлекеттік мекемесі болып өзгертілді.

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы №311 қаулысына сәйкес «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «41 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып өзгертіліп, 2021 жылдың 12 қаңтарында заңды тұлға ретінде қайта мемлекеттік тіркеуден өтті.

Жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес «Мастер» ЖШС-гі құрылысын жүргізген жалпы алаңы 505,4 шаршы метр болатын мектеп спорт залы 2006 жылы пайдалануға берілді.

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу Батыс Қазақстан облысының білім саласындағы бақылау департаменті арқылы 2021 жылдың 28 қаңтарында №KZ01LAA00020650 лицензиясымен берілген (көшірме қоса берілді).

<https://41-mektep.edu.kz/mektep-turaly/mektep-tarikhy>

<https://41-mektep.edu.kz/mektep-turaly/mektep-zhargysy>

Мектеп Жарғысы Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының 2021 жылы 6 қаңтарда №11 бұйрығымен бекітілген ;

Бизнес сәйкестендіру номері: 980540001978;

Банктік реквизиттері: БИК ККМФКЗ2А, ИИК KZ03070102KSN2701000, РГУ «КОМИТЕТ КАЗНАЧЕЙСТВА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ РК»

Заңды өкілі: мектеп-лицей директоры – Шонбаев Женис Мендигалиевич, туған жылы: 01.05.1979 жыл, ЖСН: 790501301232, жеке куәлігі: №04053514, берілген жылы 16.10.2020 жыл. Орал қалалық білім беру бөлімінің 2020 жылғы 30 қарашадағы №82 §1 бұйрығы негізінде қызмет атқарады.

**Мектептің жалпы ауданы:** 3645,7 ш.м

**Ғимараттың түрі:** ыңғайластырылған

**Меншік түрі:** коммуналдық мемлекеттік мекеме

**Бағыты:** жаратылыстану-математикалық бағыт

**Жұмыстың ұйымдастырылуы:** жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша бейіндік оқытуды енгізе отырып, жалпыға міндетті орта білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру

**Сынып жиынтығы:** 22

**Оқушы саны:** 479

**Оқытушы саны:** 54

**Мекенжайы:** 4 шағын аудан 15/1

**Телефон:** +7(7112) 22- 85-97, +7(7112) 24-41-00

**E-mail:** 41lyceum.oral@gmail.com

**Инстаграмм** [https://www.instagram.com/41\\_mektep\\_oral/](https://www.instagram.com/41_mektep_oral/)

**Фейсбук** <https://www.facebook.com/41lyceum.oral>

**Ютуб канал** [41lyceum Oral](#)

**Мектеп сайты:** <https:41-mektep.edu.kz>

**1) білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының болуы және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі (бағаланатын кезеңге жылдық жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі);**

5 жылдың жылдық жұмыс жоспарының көшірмелері қоса беріліп отыр.

**2) білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҮОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкестігі. Бағалаланатын кезеңге жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің көшірмелері қоса беріледі;**

2017-2022 жылдардағы оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің көшірмелері қоса берілді.

**3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру;**

Зерделеу барысында жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары күнделік кз электронды журналмен сәйкестендіріле отырып тексерілді. Барлық инварианттық пәндер бойынша оқу бағдарламалары игерілген. Бағалау нақты бөлім/ ортақ тақырып бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін қадағалау негізінде әрбір оқу пәні бойынша уақытылы қойылғаны анықталды. Мейрам күндеріне сәйкес келген сабақтар мақсаты, тақырыбы жағынан сәйкес келетін басқа тақырыптармен кіріктіре отырып оқытылған. Осылайша, оқу пәндерінің базалық мазмұны білім алушылардың үлгілік жалпы білім беретін оқу бағдарламаларына сәйкес іске асырылған.

**4)білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру (бағаланатын кезеңге тәрбие жұмысы жоспарының көшірмесі қоса беріледі);**

2017-2022 оқу жылдарындағы Тәрбие жұмысы жоспарларының көшірмелері қоса берілді.

Тәрбиенің мақсатына білім алушылардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып, Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өз-өздерін танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау алынған. Тәрбиенің 8 бағытын жүзеге асыру үшін мынадай міндеттер қойылған: тәрбие үрдісін жаңашыл бағытты енгізу арқылы әр сынып жетекшінің кәсіптік шеберлігі мен құзырлығын үздіксіз жетілдіру; білім беру ұйымдарында денсаулығы зор, рухани дүниесі бай, адамгершілігі мол, тәуелсіз жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін тәрбие жүйесін құру және дамыту; балалар мен жастарды азаматтылыққа, отансүйгіштікке, зиялылыққа, адам құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттік рәміздер мен ұлттық дәстүрлерді сыйлауға тәрбиелеу; қоғамда орнықты қалыптасқан дәстүрлер негізінде этникалық және діни толеранттылықты тәрбиелеу; Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету, отбасылық тәрбие жүйесін қайта жандандыру; салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату. 8 бағыт бойынша жоспарға сай өткізілген іс-шаралар мектептің youtube каналында, facebook, Instagram парақшасында, бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғандығы анықталды

**5)білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге қосымша сабақтар кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері қоса беріледі);**

Білім алушылардың рухани – адамгершілік, азаматтық – патриоттық, көркем – эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ету үшін *мектепшілік тәрбие жұмыс жоспарында, сыныптың тәрбие жұмыс жоспарында қарастырылумен қатар, оқу жоспарының вариативтік компонентінің Жеке және топтық консультациялар, белсенді қозғалыс сипатындағы сабақтар, қызығушылық бойынша үйірмелер оқушының технологиялық біліктілігін арттыруға, ойлау қабілетін дамытуға, сөз шеберлігін шыңдауға, құқықтық білімін кеңейтуге, салауатты өмір салтын ұстануға, көркем-эстетикалық талғамын дамытуға, ақпараттық құзыреттілігін, логикасын дамытуға негізделіп құрылды.*

Бағаланатын кезеңге қосымша сабақтар кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивалдар мен байқауларға қатысу нәтижелері қоса берілді.

**б) білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі);**

Бейінді оқыту білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктері негізінде жүзеге асырылған. Осыған байланысты оқытудың екі деңгейінде оқу пәндерін таңдаудың икемді жүйесі ұсынылған. Білім алушы қалауынша өздеріне маңызды оқытудың тереңдетілген және стандарттық деңгейлеріндегі оқу пәндерін таңдаған. Стандарттық деңгейдегі оқу пәндеріне қарағанда, бейінді оқытудың тереңдетілген деңгейдегі оқу пәндеріне сағат саны көп бөлінген. 2017-2018 оқу жылында 5-9 сыныптар аралығында 5 «а», 5 «ә», 6 «а», 6 «ә», 7 «а», 7 «г», 8 «ә», 8 «в», 9 «ә»-сыныптарына математика пәні, 5 «б» сыныбына жаратылыстану пәні, 6 «б», 7 «ә»-сыныбына география пәні, 8 «а», 9 «а» сыныптарына биология пәні тереңдетіліп берілген. Тереңдетілген сағаттар жаратылыстану-математика пәндеріне бейімдеумен қатар оқушының сауаттылығын арттыру, құқықтық білім беру, үш тілді еркін қолдануға бейімдеу, Отан тарихына деген қызығушылықты ояту, сондай-ақ оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік қызметін дамыту үшін беріліп, іске асырылған. Жалпы орта білім беру сатысында тереңдетіліп оқытылған пәндері ескеріліп, оқушылардың қабілеті және ата-аналардың сұранысы негізінде 10-11-сыныптар жаратылыстану-математика бағытында оқыған. Оқушылардың өзіндік әлеуетін анықтауына және өзін-өзі байқау мүмкіндігі арқылы болашақ мамандық таңдау бағытында қолданбалы және таңдау курстары енгізілген. 10-сыныпта 39 оқушы: оның 21-і физика-математика, 18-ы химия-биология бағытында, 11-сыныпта 19 оқушы физика-математика бағытында білім алған. Сол сияқты 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021 оқу жылдарында да оқу жоспарына сәйкес тереңдетілген және бейіндік оқыту жалғастырылған. 2021-2022 оқу жылында 10-сыныпта 65 оқушы оның 41-і физика-математика, 24-і химия-биология бағытында, 11-сыныпта 26 оқушы оның 12 химия-биология, 14-і физика-математика бағытында білім алады. Оқытудың бейінін таңдау кезінде білім алушының қызығушылығы, бейімі мен қабілеті ескеріле отырып, білім алушының тұратын аумағын ескерместен баланың заңды өкілінің келісімімен білім алушының жеке өтініші және негізгі орта білім деңгейі туралы мемлекеттік үлгідегі құжатының болуы негізінде бейінді мектептің 10 немесе 11-сыныптарына қабылданып, бейінді

оқыту нәтижелі іске асырылған. Мектеп-лицей мақсатына сай негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беру бағдарламаларын және оқушыларға тереңдетіп, бейіндетіп, саралап оқытуды қарастырған.

**7) ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге жеке оқу жоспарлары мен бағдарламаларының көшірмелері қоса беріледі);**

2017-2022 оқу жылдарында ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушы болмады. Бірақ 2019-2020 оқу жылында 8- сынып оқушысы Мэлсова Камила үйден оқып, қайтыс болуына байланысты 2020 жылы оқу аяқталды.

2021-2022 оқу жылының II жартыжылдығында 11- сынып оқушысы Д.Ақбулатов денсаулығына байланысты қалалық №2 емхананың ДКҚ-ның 10.01.2022 жыл №22 қорытындысы және қалалық ПДПК-нің 14.01.2022 жыл №129 қорытындысы шешіміне сай, қалалық психологиялық - дәрігерлік - педагогикалық консультация кеңесімен «Болезнь Крона тонкой кишки» диагнозы бойынша 2021-2022 оқу жылында үйден оқуға көшірілді. (Барлық құжаттарының көшірмелері қоса беріліп отыр)

**8) ЖББ ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру (бағаланатын кезеңге вариативтік компонент сабақ кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелері қоса беріледі);**

ЖББ ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру барысында оқушылардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру, өз бетінше шығармашылық ізденісін дамыту, пәнге терең қызығушылығын арттыру. ЖББ ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру бағытында мектеп оқушыларын зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға жүйелі қатысты. (бағаланатын кезеңге вариативтік компонент сабақ кестелерінің көшірмелері салынды.)

**9) "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсы зерделеу;**

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімдерінің оқытуымен іске асырылып келген. Сонымен бірге «Өмір қауіпсіздігінің және ақпараттық технологиялар негіздері» оқу курсының мазмұны 10-сыныпта «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы жүзеге асырады. Өмір қауіпсіздігінің негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі. 10-сыныпта өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технология негіздері бөлімінде – азаматтық қорғау және медициналық білім

негіздері сабағында білім алушылар Қазақстан Республикасының халқын бейбіт және соғыс кезіндегі табиғи апаттарда, ірі апаттарда, қасірет пен террористік актіде атқарылатын іс-шаралармен таныстырады. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 11-сыныпта «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 16 сағаттық жылдық оқу жнқтемесімен алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы жүзеге асырып отырған. Өмір қауіпсіздігінің негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізілген. Күнтізбелік-тақырыптық жоспардағы тақырыптарға қосарлана салынып отыр. Күнделікке толықтай салынған.

#### **10) "Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсына іске асыру;**

1-8-сыныптарға арналған «Жолда жүру ережелері» оқу пәнінің үлгілік күнтізбелік-тақырыптық жоспары негізінде сыныптардың жылдық тәрбие жұмысы жоспарларына 5-сыныптан бастап берілген сағат көлемінде жолда жүру ережелері тақырыптары кіріктіріліп беріліп отыр. 2020-2021 оқу жылынан бастап сыныптарда жүргізілген сынып сағаттары Кунделік.кз журналының қосымша білім беру бөліміне толтырылды. "Жол қозғалысы ережелері" оқу курсы 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылады. Мектеп сайтында <https:41-mektep.edu.kz> барлық Жолда жүру ережелерін сақтау бойынша шаралар жарияланған.

**11) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізімінде № 11716 болып тіркелген) білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақтау. Біліктілік талаптарының сақталуы бойынша барлық растайтын құжаттары (жабдыққа арналған жүкқұжаттардың және/немесе бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдардың тізбесі көшірмелері), осы Өлшемшарттардың 10, 11, 12, 13, 14, 17-қосымшаларына сәйкес толтырылған кестелер, оның ішінде жалпы білім беру ұйымы бойынша оқу және оқу-зертханалық жабдықтар мен жиһаздардың болуы жөніндегі бейне материалдар қоса беріледі.**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізімінде № 11716 болып тіркелген) білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақтау бойынша оқу жұмыс жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына және № 604 бұйрықпен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкестігін растайтын құжат ретінде мектеп-лицей басшысы бекіткен үлгілік оқу

жоспарларына сәйкес әзірленген оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса берілді.

**14. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:**

1) **білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы;**

Негізгі орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарды ескере отырып, негізгі орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 5-сыныпта – 32 сағаттан, 6-сыныпта – 33 сағаттан, 7-сыныпта – 34 сағаттан, 8-сыныпта – 36 сағаттан, 10-11 сыныптарда 39 сағаттан аспауы тиіс.

Бұл талаптар барлық оқу жылында сақталған.

**15. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:**

1) **ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен МЖМБС талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер) (білім алушыларды қорытынды аттестаттау хаттамаларының, сондай-ақ ЖББ ҮОЖ инвариантты компонентінің әрбір оқу пәні бойынша бір бейне материал қоса беріледі);**

4, 9, 11-сыныптардың білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау және МЖМБС бекіткен тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау (білім алушылардың білік және дағды, білім сапасын бағалау ведомостарының көшірмелері, сонымен қатар осы Өлшемшарттардың 15 және 16-қосымшаларына сәйкес толтырылған кестелер қоса беріледі).

№15 қосымшада білім алушылар контингентінің құрылымы туралы сандық түрде берілді. 2021-2022 оқу жылында былтырғы оқу жылдарына қарағанда жай сыныптарға оқушы қабылдануға байланысты 40 оқушыға артып отыр.

№16 қосымшада бітіруші сыныптардың тестілеу нәтижелері 9,11 сыныптарға бөліп көрсетілген. Жалпы мектеп бойынша -58% оң нәтиже көрсетіп отыр.

**16. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:** Тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақталған. МЖМБС, Үлгілік оқу жоспарлары, Үлгілік оқу бағдарламалары Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының [www.nao.kz](http://www.nao.kz) сайтында орналастырылған ережелерге сүйене отырып құрылған. Мектеп әкімшілігінде МЖМБС, үлгілік оқу жоспарлары, үлгілік оқу бағдарламаларының бір данада шығарылған қағаз нұсқасы бар.

Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау бойынша жыл сайын мектепшілік бұйрық шығарылған.



Мектептің білім беру қызметін өзін-өзі  
бағалауын ұйымдастыру және өткізу комиссиясы:

Комиссия Төрағасы	Ж.М.Шонбаев, мектеп директоры	
Комиссия мүшелері	Ж.Ж.Жолдасбаева, директордың жөніндегі орынбасары	ӘЖ
	А.Ж.Утебалиева, директордың жөніндегі орынбасары	ОҚІ
	А.Қ.Мұсағалиева, директордың жөніндегі орынбасары	ОҚІ
	Г.С.Иманиязова, директордың жөніндегі орынбасары	ТІ